

*Бауыржан Абдуалиев, Қайрат Мәмбетбаев, Сансызбай Чуханов
(Алматы, Қазақстан)*

ЛИЗИНГТІК ҚАРЖЫЛАНДЫРУ МЕН ИСЛАМ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ БӨЛІП ТӨЛЕУДІҢ ҰҚСАСТЫҚТАРЫ ЖӘНЕ АЙЫРМАШЫЛЫҚТАРЫ

Аннотация. Мақалада лизингтік қаржыландыру мен ислам құқығындағы бөліп төлеу саудасы арасындағы ұқсастықтары және айырмашылықтары салыстырмалы түрде қарастырылады. Атап айтсақ, келісімшарттардың ерекшелігі, мерзімі, келісімшартқа қатысушылардың рөлі, міндеттемелері т.б. жағынан сараланады. Сонымен қатар, қос келісімшарттың ұқсастықтарын негізге алып, лизингті бөліп төлеу саудасы ретінде санағандардың пікірлері тілге тиек етіліп, зерделенеді. Талдау барысында бөліп төлеу саудасында лизингтік операция ережелерінің елеулі бөлігін ығыстырып жіберетін көптеген қағидаттар анықталып, лизингтік қаржыландыруды ислам құқығындағы бөліп төлеу саудасы ретінде қарастыруға келмейтіні айқындалады.

Түйін сөздер: лизингтік қаржыландыру, бөліп төлеу, лизинг алушы, лизинг беруші, компания, фикһ.

Кіріспе

Ислам дінінде заманауи туындаған кез келген мәселенің үкімі классикалық ислам құқығындағы бір бөлімнің аясында немесе жалпы шариғи дәлелдерге сүйене отырып қарастырылады. Яғни, қарастырылып отырған проблема фикһтағы бір мәселенің үкіміне, шарттарына сай келсе, оның үкімі де сол секілді болады. Ал сәйкес келмей жатса жалпы шариғи дәлелдерге негізделіп шешімі шығарылады.

Лизингтік операция заманауи мәселелердің бірі. Ол – лизинг беруші сатушыдан өз меншігіне сатып алған және лизинг шартымен келісілген лизинг нысанасын лизинг алушыға белгілі бір төлемақысына және белгілі бір талаптармен уақытша иеленуге және бір жылдан асатын мерзімге пайдалануға беруге міндеттенетін инвестициялық қызметтің түрі [Қаржы лизингі туралы Қазақстан Республикасының заңы 2000, 2-бап]. Лизингті кең түрде сатып алу негізінде уақытша пайдалануға берумен байланысты мүліктік қатынастарды түсінуге болады. Яғни, лизингтік операцияның соңында лизинг алушының мүлікті сатып алуға құқығы болады. Бұны мүліктендіру жалдауы немесе сатып алу құқығымен жалдау деп те атайды.

Лизингтік қаржыландыру мен ислам құқығындағы бөліп төлеу саудасы арасындағы айырмашылықты анықтау үшін, бөліп төлеу саудасына қысқаша тоқталып кеткеніміз жөн.

Бөліп төлеу «طيسقت» араб тілінде белгілі бір нәрсені бөлу, бөлік, үлес деген мағынаны білдіреді [Назих Хаммад 2014, 147 б.].

Ал терминдік мағынасы: «Тауар құнының барлығын немесе кейбірін белгілі бір уақытқа дейін белгілі бір бөліктерге бөліп сату келісімшарты» [Халид әл-Хафи 2001, 74 б.] немесе «Тауарды тездетіп, ақшасын кешіктіріп бөліп беру» [Әт-Туайжири 2016, 693 б.].

Бөліп төлеу саудасында көбінесе тауардың құны нақты бағасынан жоғары келеді. Сондықтан оның үкімі тауардың құны белгілі бір мерзімнің есесіне жоғары болатын келісімнің үкімі тәрізді болады. Ал ғұламалар бұған бірауыздан рұқсат

берген. Ол туралы фикһ кітаптарда былай келген: «Мерзімі ұзартылғаны үшін бағаның құны көтеріледі» [Фәхруддин Усман ибн Али Өз-Зайлағи 1971, 4/433 б.], «Белгілі бір уақыт үшін де ақшаның бір мөлшері белгіленеді» [Ибн Рушд, 1415 һ, 3/275 б.], «Мерзім (ұзартылғанның) есесіне ақшаның бір бөлігі қосылады» [Әш-Ширбайни 1998, 2/389 б.].

Оған дәлел ретінде Құрандағы «Бақара» сүресінің, 275-аятын алға тартады:

أَوْبَرَلَّا مَرَّحُوْا عَيْنًا لِّلَّهِ لِحَاوٍ

«Алла саудаға рұқсат бергенімен өсімқорлыққа тыйым салды» [Оңғаров & Мұратәлі 2019, 80 б.].

Бұл харам деп келген саудадан басқасының барлығы адал екендігін аңғартады. Тауарды нақты бағасынан жоғары бағамен сату да сауданың бір түрі. Мерзімі ұзартылғаны үшін бағаның жоғарғы болуына қатысты ешқандай тыйым салынған дерек жоқ. Сондықтан оны нақты бағасынан жоғары етіп сатуға болады.

Ислам фикһи академиясының бөліп төлеу саудасының рұқсат екендігіне байланысты қарарында: «Мерзімі ұзартылған бағаның құнын нақты бағадан асыруға болады. Сондай-ақ тауардың нақты бағасы мен белгілі бір уақытқа дейінгі бөліп төлеу сомасын да атап өтуге рұқсат. Бірақ тараптар қолма-қол төлеуге немесе бөліп төлеуге нақты келіскенде ғана сауда дұрыс болады. Егер сауда-саттық қолма-қол немесе бөліп төлеудің біреуіне нақты келісім жасалмай жүзеге асса, келісімшарт дұрыс болмайды» делінген [Халид әл-Хафи 2001, 101 б.].

Осыған орай, ислам шариғатында бөліп төлеу саудасына рұқсат етіледі. Ол басқа саудалар секілді келісімшарттың бірі. Сондықтан сауданың шарттары қандай болса, бөліп төлеуде де сол талап етіледі. Бірақ одан бөлек мына қағидаларға мән беруі тиіс:

1. Ақшаны белгіленген уақыттан кешіктірген жағдайда қосымша үстеме талап етпеуі;

2. Келісім барысында актив сатушының меншігінде болуы;

3. Сатушы мен сатып алушының ортасында ақшаны төлеуді жүзеге асыратын делдал болмауы;

4. Мерзімін нақты белгілеуі шарт [Әл-мәмләкәту әл-арабияту әс-саудия, уи-зарату әт-тәрбияти уә әт-талиим 2007/2008, 34-35 бб.].

Енді лизингтік қаржыландыру ислам фикһындағы бөліп төлеудің принциптеріне сай келе ме? Оны бөліп төлеу саудасы деп қарастыруға бола ма? Бұл қазіргі заман ғұламаларының арасында тартысты мәселе. Әрине олардың араларындағы айырмашылықтарды білмей тұрып, одан құқықтық үкім шығару мүмкін емес.

Әдіснама

Зерттеу жұмысын талдауда лизингке қатысты жазылған зерттеулер, ҚР лизинг туралы заңы және мәселеге қатысты классикалық ислам құқықтық (фикһ) кітаптары негізге алынды. Зерттеу барысында салыстырмалы талдау, контрастық зерттеу әдіс-тәсілдері қолданылды.

Лизинг пен бөліп төлеудің ұқсастықтары және айырмашылықтары

Бір келісімшартты фикһтың бір бөлімінің аясында қарастыру үшін міндетті түрде шарттарын салыстырмалы түрде зерттеу керек. Егер шарттары толық камтылса ғана оны іске асыруға болады. Ал дұрыс келмесе келісімшарт бұзылады.

Сырттай қарасаң лизингтік қаржыландыру келісімшарты бөліп төлеу саудасына ұқсайды. Қос келісімшартта да тараптардың арасындағы келісім бөліп төлеу жүйесі бойынша іске асуына және меншік құқығы екінші тарапқа өтуіне жасалады. Мысалы, лизингтік қаржыландыруда да, бөліп төлеуде де мүлік бірден сатып алушыға және бенефициарға табысталады. Ол екеуі белгілі бір уақытқа дейін төлемақысын бөліп төлейді. Ал келісімшарттың соңында мүлікті меншіктеуге екеуінде де теңдей мүмкіндік бар.

Осы ретте, Араб еліндегі кейбір заң тұлғалары қос келісімшарттың ұқсастық тарапын алға тартып лизингтік қаржыландыруды «бөліп төлеу саудасы» деп қарастырды.

Абдулла Мухаммад Абдулла: «Сатып алу құқығымен жалдаудың (лизингтің) шарттарына қарасаң асылында тараптар бөліп төлеу саудасына келісім жасайды. Бірақ меншік құқығы сатып алушының иелігіне бөліп төлеу жарнасы толық төленген соң өтеді» дейді [Халид әл-Хафи 2001, 104-105 бб.].

Бір сөзбен айтқанда бұл көзқарас иелері бөліп төлеу саудасында тауарға, ақшаға, меншік құқығына келісу секілді шарттары мен элементтері лизингтік қаржыландыруда табылғандығын айтуда. Олар өздерінің пікірлерін мына дәлелдермен қуаттайды:

1) Лизинг беруші мен лизинг алушының негізгі мақсаттары жалдау емес сауда болған.

Себебі лизинг беруші келісімшарт негізі бойынша лизинг алушы өзіне жүктелген міндеттерді және белгілі бір уақытқа дейін лизингтік төлемді толық төлесе, активті оның меншігіне өткізуге уәде береді. Егер лизинг алушы міндеттерін толық орындаса, лизинг беруші мүлікті оның меншігіне ешбір ақы алмай-ақ жеті күнде өткізеді.

Бұл келісімшарттың соңында мүліктің есесіне ешнәрсе төленбей сауданың жүзеге асқанын баяндайды. Яғни, бастапқы уақыттан бастап негізгі мақсаттары жалдау емес сауда болғанын айқындайды. Осыған орай, бұл келісімшарт меншік құқығы сақталған бөліп төлеу саудасы болып саналады.

2) Лизинг төлемақысы жалдау шартында белгіленген төлемнен артығырақ. Ал ол саудадағы тауардың құнына тең келеді.

Яғни, бенефициардың белгілі бір мерзімге дейін бөліп төлеуін мүліктің есесіне берілетін құны санайды. Оған дәлел ретінде бөліп төлеу құнының жоғарылауын алға тартады. Айма-ай бөліп төлеген ақшасы бір жағынан мүлікті жалға алып пайдаланғанның есесі болса, екінші жағынан пайдасы мен шығыны есепке алынуымен мүліктің құны болып саналады. Бұны келісімшарт негізі бойынша бенефициарға белгілі бір уақытқа дейін төлеген сома есесіне меншік құқығы берілгенімен қуаттайды. Демек, мүліктің құны бенефициар төлемақының соңғы жарнасымен қоса барлық бөліп төленген сомаларды қамтиды.

3) Лизинг беруші (банк немесе компания) қандай жағдай болса да мүлікті кері қайтарып алмайды. Керісінше лизинг алушы келісім бойынша шарттарды

орындамаған кезде немесе ол тапсырған анықтамалар дұрыс болмаса оған мүлікті сатып алуды талап етеді [Халид әл-Хафи 2001, 105-106 бб.; Сафа Умар Халид Балғауи 2005, 82-83 бб.].

Міне осы ұқсастықтарды алға тартып, бұл ғалымдар лизингтік қаржыландыру құрылымын бөліп төлеу саудасы деп қарастырды.

Жоғарыда келтірілген деректерге орай, көзқарас иелерінің қос келісімшартты мүлікті сатып алушының қолына пайдалануға беруі, айма-ай бөліп төлеуге міндеттелуі, мешік құқығы берілуі жағынан бір-біріне ұқсатқанына дауымыз жоқ. Бірақ бұл лизингті бөліп төлеу саудасы деп қарастыруға негіз бола алмайды. Себебі мүлікті табыстау, екінші тараптың оны қабылдап алуы, айма-ай бөліп төлеу секілді шарттар қарыз бен жай жалдауда да кездеседі. Сондай-ақ сатуға уағдаласқан жалдау шартында да жалға алушы мүлікті меншігіне айналдыра алады.

Лизингті бөліп төлеу саудасы деп қарастырушылардың қос келісімшартта сатып алушы мен бенефициардың бастапқы уақыттан бастап ниеттері мүлікті меншіктеуге бағытталған деген пікірі де негізге алынбайды. Өйткені лизингте бенефициарға келісімшартты жеңіл шарттармен қайта жаңартуға немесе мүлікті меншіктеуге, яки лизинг берушіге мүлікті табыстауға мүмкіндік беріледі. Әрине бұл келісімшарт мерзімінің соңында мүліктің құны түсіп, бенефициар активті сатып алуға мәжбүрлі болып, оған тек меншік құқығы ғана беріледі деген пікірді жоққа шығарады. Мүліктің құны түссін немесе түспесін бенефициар оны меншіктеуге де меншіктемеуге де құқылы.

Лизингтік төлемнің жоғары болуына байланысты оны тауардың есесіне берілетін сомасы саналып, лизингтік қаржыландыруды бөліп төлеу ретінде қарастыру да дұрыс емес. Өйткені тараптар өз міндеттемелерін келісім бойынша бекітеді. Яғни, олар қалаған сомаларын қоюға құқылы. Олардың еріктеріне ешкім шектеу қоя алмайды. Сондықтан лизингтік төлемнің жоғары болуы оны бөліп төлеу саудасы ретінде қарастыруға дәлел болмайды [Алауддин Абдулла Фауаз әл-Хасауана 2002, 91-92 бб].

Лизингтік қаржыландырудың бөліп төлеу саудасына ұқсастығымен қоса, араларында бірнеше айырмашылықтары да бар. Атап айтқанда:

1. Бөліп төлеу саудасында меншік құқығы сатып алушының иелігіне келісімшарттың ізінен бірден өтеді. Сатып алушы бөліп төлеу сомасын төлеп біткен соң, ешқандай өтініш білдірмей әрі қосымша ақша төлемей-ақ активті меншігіне автоматты түрде өткізеді. Ал лизингтік қаржыландыруда бенефициар мүлікті меншіктеуге талабын білдірген кезде ғана иелігіне өткізе алады. Бұл процес бөліп төлеу жарнасы толық төленген соң жүзеге асады. Сонымен қатар, бенефициар меншік құқығын алу үшін оны міндетті түрде жариялау керек.

2. Бөліп төлеу саудасында объектілер ретінде жылжымалы немесе жылжымайтын мүліктер қолданылады. Ол арнайы бір сипаттармен, шарттармен шектелмейді, тіпті бір немесе бірнеше рет қолданылатын мүліктер де пайдалына беріледі. Лизингтік қаржыландыруда мүлік жылжымалы немесе өнім беретін жылжымайтын мүлік болуы керек әрі бір-ақ рет қолданылатын зат болмауы шарт.

3. Бөліп төлеу саудасының тараптары сатушы мен сатып алушыдан құралады. Лизингтік қаржыландыру үш тараптан, қаржыгер (лизинг беруші), бенефициар

(лизинг алушы) және жабдықтаушыдан (сатушы) тұратын күрделі келісімшарт. Екінші жағынан бөліп төлеу саудасын кез келген адам жүзеге асыруы мүмкін. Ал лизингте қаржылық лизингпен айналысатындардың тізіліміне тіркелмейінше бұл келісімшартты жүргізуге рұқсаты болмайды.

4. Бөліп төлеу келісімшартында сатушы жасырын кемшіліктерге кепіл болады. Лизингте ол міндеттеме лизинг берушінің емес лизинг алушының мойнына жүктеледі [Сафа Умар Халид Балғауи 2005, 85-87 бб.].

5. Бөліп төлеу саудасында төлемнің мерзімі қысқа уақытқа берілсе, лизингтік қаржыландыруда әдетте активтің жарамдылық мерзіміне дейін жалғасады. Бұл лизинг алушының төлейтін ақша ағындарын төмендетеді және ол активті сату арқылы жүзеге асатын кірістерге сай келеді.

6. Бөліп төлеу саудасында келісім жасалғаннан кейін төлемдер сатып алушының мойнына жүктелген қарыз есебінде болады. Ал лизингтегі жалдау төлемақысы активті толық пайдаланғаннан кейін ғана тұрақты қарызға айналады [Ханнан Кәмәл Даббан 2015, 112-113 бб.].

7. Бөліп төлеу саудасында, сатушы келісім түзгеннен кейін сатып алушының мойнына жүктелген қарызға ғана иелік етеді. Сондықтан қарыздың ережесі бойынша сатушы активті сатуға да, басқа келісімшарт жасауға да құқығы болмайды. Лизингтік қаржыландыруда лизинг беруші келісімшарттың мерзімінде активтің иесі болып саналады. Сондықтан ол оны сатуға да басқа келісімшарт жасауға да құқылы [Юсуф ибн Абдуллаһ әш-Шубайли 2011, 150 б.].

Міне, бұл қос келісімшарттың ұқсастықтарына қарағанда айырмашылықтары басым екендігін айқындайды. Сондықтан қос келісімшарттың ұқсастығын алға тартып лизингтік қаржыландыруды бөліп төлеу саудасы деп қарастыру дұрыс емес. Оған мына төмендегілер нақты дәлел болады:

1) Егер лизингті бөліп төлеу саудасы деп қарастырсақ, онда бұдан меншік құқығы сақталған бөліп төлеу саудасы деген сөз шығады. Яғни, сатып алушы бөліп төлеу жарнасын толық төлеген кезде ғана меншік құқығына ие болады. Бұл ислам шариғатының сауда қағидаларының негізіне қайшы.

Ислам фикһи академиясының бөліп төлеу саудасы туралы қарарында: «Сауда келісімі жасалғаннан кейін сатушы меншік құқығын сақтап қалуға ақысы жоқ» делінген [Али Ахмад әс-Сәлус, 2002, 605 б.].

2) Бөліп төлеу саудасы «мунжиз» болуы (дер кезінде орындалуы) тиіс. Яғни, сауданың жүзеге асуы бөліп төлеу жарнасына байланысты болмау керек. Әрине сатып алушы ақшаны кешіктірген жағдайда, сатушы одан мүліктің құнын талап етуге құқығы бар. Ал ақшаны қайтаруға мүлде мүмкіндігі болмай жатса, сатушы оған мұрсат беріп, күтуі керек. Ол туралы Құранда «Бақара» сүресінің, 280-аятында:

﴿رَبِّ سَيِّمٍ يَأْتِي فَرِظَانَهُ قَرَسًا وَذُنُوبًا كَانُوا

«Ал егер (қарыз алушы) қиын жағдайда болса, (жағдайы) жеңілдегенше мұрсат (беріндер)» делінген [Ибадуллаев 2015, 59 б.].

Бұл Құран аяты сауда келісімі жасалғаннан кейін сатушы меншік құқығын сақтауға болмайтындығын аңғартады.

3) Бөліп төлеу саудасында меншік құқығының сақталуы айқын ғарарға (алып-сатарлық, шарттың мәні мен талаптарына қатысты белгісіздік) алып барады.

Өйткені сатып алушы бөліп төлеудің бір бөлігін төлемей қалса, қалған сомасының барлығы жойылып кетеді. Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадисінде: «Ғарар саудасына тыйым салған» [Муслим ибн әл-Хажжаж әл-Қушайри ән-Найсабури 1991, 3/1153 б.].

Сатушы меншік құқығын сақтап қалатын болса, онда сауда жасалды ма әлде жоқ па деген күмән туады. Сондықтан сауданың жүзеге асыуын бөліп төлеудің жарнасына байланысты етіп қою ғарарға алып барады.

«Әл-Фурук» атты кітапта: «(Сауданың жүзеге асуын) бір нәрсеге шарт етіп қою дұрыс емес. Өйткені меншік құқығы өзара разылыққа негізделеді. Өзара разылық кесімді түрде атқарылатын іс. Ал бір нәрсеге байланыстырып шарт етіп қою кесімділікті білдірмейді. Себебі кез келген істің орындалуы бір нәрсеге шарт етіліп қойылса, ол жүзеге аспауы мүмкін» деп келген [әл-Қарафи 1998, 1/397 б.].

Абдулла ибн Байһаһ аталмыш мәселеге байланысты былай дейді: Бұл келісімшартта меншік құқығы төлемақысы толық берілгенде ғана өтеді дегенмен шектелмейді. Оған қоса, келісімшарт негізіне қайшы ғарарды да қамтиды. Өйткені сатып алушы бөліп төлеу құнын төлеп келе жатып соңғы бөлігін бермей қалса, онда оның бастапқы төлеген сомалары бекер болады да, тауарынан айырылады. Оның пайдасын сатушы көріп, ол тауарға да оның құнына да қол жеткізеді. Бұл шарифаттың мына қағидасына қайшы: «Бір адамға алыс та беріс те жиналу дұрыс емес. Өйткені ол бекершілік және адамдардың мал мүлкін арам жолмен жеу болып есептеледі». Ал жалдаудың түбіне сауданы жасырып қойғаны, ол сауданың нәтижелері жүрмеу үшін жалдау деп аталған. Бұлай аталуының себебі сатушы меншік құқығын сақтап қалғандығына және сатып алушы мүлікті қалағанынша жұмсай алмауына байланысты болып тұр. Яғни, сатушының талабын орындау үшін жалдау деп аталғандай. Алайда бөліп төлеу жарнасы толық берілгеннен кейін активтің меншікке өтуі жағынан ол сауда болып саналады. Себебі сауданың нәтижесі осылай аяқталады. Ал жалдаудың қағидасы бойынша мүлік меншікке өтпейді. Сондықтан мұндай ерекшелікті қамтыған келісімшарт ғарар болып табылады [Халид әл-Хафи 2001, 109-110 бб.].

Демек, лизингтік операцияда мүлікті меншіктеу барысында, активтің есесіне ешқандай ақы төленбесе әрі төлемақысы жай жалдаудың төлемінен жоғары болса, онда келісімшарт меншік құқығы сақталған сауда болып саналады. Сондықтан мұндай келісімшарт дұрыс емес.

4) Қағидалары мен ережелері жүруі үшін қандай келісімшарт түзіп жатқаны нақты айтылуы қажет. Егер сауданың жүзеге асырылуы төлемақының төлеміне байланыстырылса әрі ол мерзімі ұзартылған төлем болса, онда келісімшартты нақтылау қиындыққа соғады. Бұл сауданы болдырмау шартымен шартталған сауда келісімшарты дегендей болады. Ол сауданың қағидасына қайшы.

5) Сауда қағидасы бойынша мүлік келісімшарттың ізінен меншікке өтсе, онда сатып алушы мүлікті қабылдап иелігіне алуы тиіс. Ақысы кейін төленсе де мүлік сатып алушының қолына табысталуы керек. Активті сатып алушының иелігіне тапсырмауға сатушының құқығы жоқ. Өйткені ол мерзімі ұзартылған сомаға өзі келісіп, талап ету құқығын өз мойнынан түсірді. Енді келісілген уақыты келгенше ақшасын сұрамайды [Халид әл-Хафи 2001, 107-110 бб.].

Қорытынды

Лизингтік қаржыландыруды ислам құқығындағы бөліп төлеу саудасымен салыстырмалы талдау бізге қос келісімшарттың ұқсастығы мен айырмашылығын ажыратуға мүмкіндік берді. Лизинг бөліп төлеу саудасына активтің екінші тарапқа табысталуы, меншік құқығы берілуі, төлемақысы бөліп төлеу жүйесі бойынша іске асуы жағынан ұқсайды. Алайда қос келісімшарттың ұқсастығына қарағанда, араларындағы айырмашылықтың басым екендігі айқындалды. Атап айтқанда:

1. Бөліп төлеуде меншік құқығы екінші тарапқа келісімшарттың ізінен автоматты түрде беріледі. Ал лизингте жалдау келісімі аяқталып, мүлікті меншіктеуге арнайы келісімшарт жасалғаннан кейін ғана активке иелік етеді.

2. Бөліп төлеу саудасының объектісіне кез келген жылжымалы немесе жылжымайтын мүліктер қолданыла береді. Лизингте жылжымалы немесе өнім беретін жылжымайтын мүлік болуы керек әрі бір-ақ рет қолданылатын зат болмауы шарт.

3. Бөліп төлеудің тараптары сатушы мен сатып алушыдан құралады. Ал лизингте лизинг беруші және лизинг алушымен қатар жабдықтаушы (сатушы) да қатыса алады.

4. Бөліп төлеу келісімшартында сатушы туындаған кемшіліктерге кепіл болады. Лизингте бұл міндеттеме лизинг берушінің емес, лизинг алушының мойнына жүктеледі.

5. Бөліп төлеу саудасында төлемнің мерзімі қысқа уақытқа беріледі. Лизингтік қаржыландыруда әдетте активтің қызмет ету мерзіміне дейін жалғасады.

6. Бөліп төлеу саудасында келісім жасалғаннан кейін төлемдер сатып алушының мойнына жүктелген қарыз есебінде болады. Ал лизингтегі жалдау төлемақысы активті толық пайдаланғаннан кейін ғана тұрақты қарызға айналады.

7. Бөліп төлеу келісімі жасалғаннан кейін сатушының активті сатуға да, басқа келісімшарт жасауға да құқығы болмайды. Лизингте лизинг беруші келісімшарттың мерзімінде активтің иесі болып саналады. Сондықтан ол оны сатуға да басқа келісімшарт жасауға да құқылы т.б.

Қорыта айтқанда, бөліп төлеу саудасында «мүлік келісімшарттың ізінен сатып алушының меншігіне өту керек», «бір адамға алыс та беріс те жиналу дұрыс емес», «сауданың жүзеге асуы бөліп төлеу жарнасына байланысты болмауы тиіс» секілді лизингтік қаржыландыру үкімдерінің әрі ережелерінің елеулі бөлігін ығыстырып жіберетін көптеген қағидаттар қамтылғаны анықталды. Бұнымен лизингтің формасын классикалық ислам құқығындағы бөліп төлеу келісімі ретінде қарастыруға болмайды деп тұжырымдалады.

Библиография

Алауддин Абдулла Фауаз әл-Хасауана. 2002. 'әт-Тәкифу әл-қонуни лиақди әт-тәжири әт-тәмуили'. Амман, Дәру әл-илмия әд-дәлия лин-нашр уат-тәузиғ. 225 б.

Али Ахмад әс-Сәлус. 2002. 'Мәусуғату әл-қадая әл-фикһия әл-муғасара уә әл-иқтисаду әл-исләми'. Қатар, Дәру әс-сақафа. 916 б.

Әл-мәмләкәту әл-арабияту әс-саудия, уизарату әт-тәрбияти уә әт-талиим. 2007/2008. 'Әл-фикһ ли әс-соффи әс-сәни әс-санауи'. Сауд Арабия, Мәктәбәту әл-мәлик фәһд әл-уатани. 105 б.

- Әш-Ширбини. 1998. 'Мұғни әл-мухтаж илә мағрифәти мағани әл-әлфәзи шарх әл-мәнһаж'. Бейрут: Дәру әл-мәғрифә. 564 б.
- Ибн Рушд. 1415 h. 'Бидаяту әл-мухтаһид уә ниһаяту әл-муқтасид'. Каир: Мәктәбату ибн Тәймия. 488 б.
- 'Қаржы лизингі туралы Қазақстан Республикасының заңы'. 2000. Қазақстан Республикасының заңы «Әділет» АҚЖ. [Электрондық ресурс] URL http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z000000078_ (қаралған күні: 03.05.2020).
- Муслим ибн әл-Хажжаж әл-Қушайри ән-Найсабури. 1991. 'Сахих Муслим'. Бейрут, Дәру әл-кутуби әл-илмия, 2933 б.
- Мухаммад ибн Иброһим ибн Абдулла әт-Туайжири. 2016. 'Мухтасару әл-фиқһи әл-исләми фи дууи әл-құрани уә әс-сунна'. Эр-Рияд: Дәру асдаи әл-мухтама, 1083 б.
- Назих Хаммад. 2014. 'Мужәму әл-мусталахати әл-мәлияти уә әл-иқтисадия фи луғати әл-фуқаһа'. Дамаск, Дару әл-қалам. 519 б.
- Оңғаров, Е. & Мұратәлі, Н. 2019. 'Қасиетті Құран: мағынасы мен түсініктемелері'. Алматы, ЖК «Дастан», 1012 б.
- Ибадуллаев, С. 2015. 'Қасиетті Құран және қазақ тіліндегі мағыналық аудармасы'. Алматы, «Полиграфкомбинат ЖШС», 774 б.
- Сафа Умар Халид Балғауи. 2005. 'Әл-Науахи әл-қонуния фи ақди әт-тәжири әт-тәмуили уә тәнзимати әд-дориби'. Палестин, Жәмияту әл-нәжәх әл-уатония, 207 б.
- Фәхруддин Усман ибн Али Әз-Зайлағи. 1971. 'Тәбиниу әл-хақайық шәрху кәнзи әд-дақайық'. Бейрут, Дәру әл-кутуби әл-илмия, 435 б.
- Халид әл-Хафи. 2001. 'әл-Ижәрату әл-мунтәһияту бит-тәмлик фи дууи әл-фиқһи әл-исләми'. Сауд Арабия, Жәмияту әл-мәлик Сауд, 415 б.
- Ханнан Кәмәл Даббан. 2015. 'Ақду әт-тәжири әт-тәмуили уә татбиқотиһи әл-муасара (дирасатан фикһиятан)'. Газа, әл-Жәмияту әл-исләмия, 134 б.
- Юсуф ибн Абдуллаһ әш-Шубайли. 2011. 'Әт-Тәжиру әт-тәмуили (дирасатан фикһиятан муқаранатан би мәшруғи низоми әл-ижәри әт-тәмуили)'. Сауд Арабия, Мәжәлләту әл-жәмғияти әл-фиқһияти әс-Саудия, 440 б.

Transliteration

- Alauddin Abdullah Fauaz al-Hasauana. 2002. 'At-Takifu al-qonuni li aqdi at-tajiri at-tamuli'. [Legal Regulation of Finance Lease]. Amman, Darul ilmiya ad-dauliya lin-nashr uat-tauzig, 225 b.
- Ali Ahmad as-Salus. 2002. 'Mausugatu al-qadaya al-fiqhiya al-mugasara wa al-iktisadu al-islami'. Qatar, Daru as-Saqafa, 681 b.
- Al-mamlakatu al-Arabiyyatu as-Saudiya, wizaratu at-tarbiyati wa at-talim. 2007/2008. 'Al-fiqh li as-soffi as-sani as-sanawi'. Saud Arabia, Maktabu al-Malik Fahd al-uatani, 105 b.
- Ash-Shirbini. 1998. 'Mughni al-muhtaj ila ma'rifat al-ma'ani alfaz sharh al-Minhaj'. Beirut, Daru al-magrifa, 564 b.
- Ibn Rushd. 1415 h. 'Bidayat al-mujtahid wa-nihayat al-muqtasid'. Cairo, Maktabatu ibn Taymiyyah, 488 b.
- 'Law of the Republic of Kazakhstan on Financial Leasing'. 2000. The Law of the Republic of Kazakhstan «On Justice». [Electronic resource] URL http://adilet.zan.kz/eng/docs/Z000000078_ (viewed: 03.05.2020).
- Muslim ibn al-Hajjaj al-Qushayri an-Naysaburi. 1991. 'Sahih Muslim'. Beirut, Daru al-Qutubi al-Ilmiya, 2933 b.
- Muhammad ibn Ibrahim ibn Abdullah at-Tuwajiri. 2016. 'Mukhtasar al-fiqh al-islami fi dhau' al-Quran wa as-sunnah'. Riyadh, Daru ashda' al-mujtama', 1083 b.

Nazih Hammad. 2014. 'Mujam al-mustalahat al-maliyati wa al-iktisadiyah fi lughat al-fuqaha'. Damascus, Daru al-Qalam, 519 b.

Ongarov, E. & Muratali, N. 2019. 'Qasietti Quran: mağynasy men túsiniktemeleri' [The Holy Quran: Meaning and Explanations]. Almaty, IE «Dastan», 1012 b.

Ibadullaev, S. 2015. 'Qasietti Quran jáne qazaq tilindegi mağynalyq aýdarmasy' [The Holy Quran and Semantic Translation in the Kazakh Language]. Almaty, Poligrafkombinat LLP, 774 b.

Safa Omar Khalid Balgawi. 2005. 'Al-Nauahi al-Qanuniya fi aqdi at-tajiri at-tamuili wa tanzimati ad-doribi'. [Legal Aspects of the Finance Lease and Tax Regulation]. Palestine, Jamiat al-Najah al-Watonia, 207 b.

Fakhruddin Uthman ibn Ali Az-Zaylagi7 1971. 'Tabiinu al-haqayiq sharhu kanzi ad-daqaic'. Beirut, Daru al-Qutubi al-Ilmiya, 435 b.

Khalid al-Hafi. 2001. 'Al-Ijarah al-muntahiyah bit-tamlík fi dhau' al-fiqhi al-islami' [leasing Ended With Ownership in the Light of Islamic Law]. Saud Arabia, Jamiat al-Malik Saud, 415 b.

Hannan Kamal Dabban. 2015. 'Aqdu at-tajiri at-tamuili wa tatbiqotihí al-muasara - dirasatan fiqhiyatan' [Finance Lease Contract and it is Contemporary Applications - A Juristic Study]. Gaza, al-Jamiat al-Islamiya, 134 b.

Yusuf ibn Abdullah al-Shubayli. 2011. 'At-Tajiru at-tamuili - dirasatan fiqhiyatan muqaranatan bi mashrugí nizami al-ijari at-tamuili' [Financial Leasing – A Jurisprudential Study Sompared to the Financial Lease System Project]. Saud Arabia, Majallatu al-jamgiyati al-fiqhiya as-Saudiya, 440 b.

Резюме

Абдуалиев Б.Е., Мамбетбаев К.Ж., Чуханов С.К. Сходства и различия лизингового финансирования и рассрочки в исламском праве

В статье рассматриваются сходства и различия между лизинговым финансированием и торговли в рассрочку в исламском праве. В частности, анализируются особенности контрактов, сроки, роль участников контракта, обязательства и т.д. Кроме того, основываясь на аналогии двух контрактов, изучаются мнения тех, кто относит лизинг к торговле в рассрочку. В ходе анализа определяется множество принципов, вытесняющих существенную часть правил лизинговой операции в торговле рассрочкой, и определяется, что лизинговое финансирование не может рассматриваться как рассрочка в исламском праве.

Ключевые слова: лизинговое финансирование, рассрочка, получатель лизинга, дающий лизинг, компания, фикх.

Summary

Abdualiyev B.E., Mambetbaev K.ZH., Chukhanov S.K. Similarities and Differences Between Financial Lease and Installment Payment in the Islamic Jurisprudence

This article is aimed the similarities and differences between financial lease and Islamic installment payment. Namely, the features like contract length, roles and responsibilities of the parties and other questions. In addition to that, taking as a basis some similarities of financial lease and Islamic installment payment, the opinions of experts who try to match the mentioned above financial tools will be studied in detail. Some points of financial lease that were revealed during the analysis does not correspond to the main rules of Islamic installment payment. Thus, financial lease cannot be fully considered as the analog of Islamic installment payment in the Islamic jurisprudence.

Keywords: leasing, installment payment, lessee, lessor, company, fiqh.